



Оқу орнының аталуы – Астана қаласы әкімдігінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 48 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

Мекен- жайы – Астана қаласы, Ж.Жирентаев көшесі, 15/2

Оқытылатын тілі – мемлекеттік

Жоба қуаттылығы – 1200 орындық

Құрылыс мекемесі – «Эверест» ЖШС

Мектептің ашылуы -2004 жыл

Мектептің жалпы көлемі – 15,122м²

Мектептегі оқушылар саны – 1688

Мектептегі педагог саны – 118

Мәжіліс залы – 400 орын

Мектеп асханасы – 340 орын

Оқу кабинеттерінің саны – 67

Спорт зал – 2

Мектеп директоры – Қияқбай Нұрила Бақтиярқызы

2025-2026 оқу жылындағы мұғалімдердің біліктілік сапалық құрамы: Педагог зерттеуші -23, педагог -сарапшы-32, педагог –модератор -37, педагог-25, екінші санатты-1, магистр-36, докторантура PhD-4. 1609 оқушыға білім беруде. Мектеп жаратылыстану-математикалық бағытта білім береді.

Мектептің миссиясы:

Жаңашылдыққа бейім, ойлау дағдысы жоғары, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлғаны дамытуға бағытталған жайлы орта құру.

Мақсаты: Білім алушылардың әлемдегі өзгерістерге тез бейімделе алатын қабілеттерін жетілдіру, білім беру үрдісінде озық әдістемелер арқылы оқушылардың сыни тұрғыда жан-жақты ойлау қабілетін дамыту. Ұлттық

құндылықтарға негізделе отырып, құрмет, қамқорлық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, даму қағидатына сәйкес тәрбиелеу.

Міндеттері:

Жаңашылдық

- Өлеуметтік сұраныстарға сәйкес білім беру үрдісінде жаңашылдыққа бейім кәсіби орта құру;
- Сандық технологияны пайдаланудың оңтайлы әдістерін қолдану;
- Білім алушылардың сыни ойлау, креативтілік, коллаборативтік, коммуникативтік дағдыларын дамыту;

Ойлау дағды

- Оқушының өздігінен жұмыс жасауын нығайту, зерттеу мен ой икемділігін оқушылардың танымдық белсенділігі арқылы жүзеге асыру;
- Оқушының ынтасы мен қызығушылығын арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға мүмкіндік жасау;
- Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндердің білім сапасын арттыру мен білім олқылықтарын толықтыру жұмыстарын кеңінен қарастыру;

Ұлттық құндылықтар

- Қазақ халқының құнды ойларын, олардың өмірлік тәжірибесін қолданып, құрмет, сүйіспеншілік, қамқорлық тәрізді ұлттық рухты, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- Ұлттық болмысты дәріптеуге бағытталған тәрбиелік іс-шаралар мен шығармашылық жобалар ұйымдастыру